

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 733 қаулысы.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 214-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 29 тамыздағы  
№ 733 қаулысымен  
бекітілген

**Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 214-бабына сәйкес әзірленді және әскери қызметшілердің, арнайы атақтар немесе сыныптық шендер берілген не біліктілік сыныптары белгіленген құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтарғы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемесінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, еңбек сіңірген жылдар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы (бұдан әрі – Қарулы Күштер) мерзімді және келісімшарт әскери қызметі және бұрынғы КСРО-дағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердегі және ТМД Біріккен Қарулы Күштеріндегі міндетті әскери қызмет, міндетті мерзімді әскери қызмет;

2) қорғанысқа жәрдемдесу қоғамының оқу-жаттығу ұйымында ұшқыш құрамының запастағы офицерлеріне оқып-үйретілген әскери қызметке шақырылған адамдардың практикалық ұшу даярлығында болған уақыты – 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап;

3) әскери-құрылыс жасақтарындағы (бөлімдеріндегі) әскери құрылысшылар ретіндегі қызмет;

4) әскери қызметші күйеуінің одан әрі әскери қызмет өткеруіне (оқуға түсуіне) байланысты шетелге кеткен әскери қызметші әйелдердің шетелде болған уақыты;

5) бұрынғы КСРО-ның және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік қауіпсіздік органдарында әскери қызметші лауазымдарындағы, ал 1955 жылғы 1 қазанға дейін – бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша жедел, жетекші және басшы құрамының лауазымдарындағы, ал басқа

да лауазымдарда – әскери немесе арнайы атақ берілген күннен бастап; 1955 жылғы 1 қазаннан бастап – әскери қызметші лауазымдарындағы қызмет;

6) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет;

7) прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіндегі және қаржы полициясындағы (салық полициясындағы (милициясындағы) (оның ішінде тағылымдамашы лауазымдарындағы) қызмет – лауазымға тағайындалған күннен бастап;

7-1) құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының білім беру ұйымдарын аяқтаған және адамды құқық қорғау органында, азаматтық қорғау органында лауазымға тағайындаған жағдайда оларда бастапқы кәсіби даярлықтан өту уақыты;

8) әскери қызметте немесе арнаулы мемлекеттік органдарда, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте және бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде және қаржы полициясында (салық полициясында (милициясында) қызметте қалдыра отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі жіберген жағдайда өкілдік және атқарушы органдарда, ведомстволарда, мекемелерде және ұйымдарда жұмыс істеген уақыт;

9) Қарулы Күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне және қаржы полициясына (салық полициясына (милициясына) қызметке ауысқан жағдайда сот органдарында судья лауазымдарында жұмыс істеген уақыт;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы өздері белгілеген тәртіппен есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

12) Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі қызметкерлерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметінің директоры есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

13) кеден органдарын қоспағанда, 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі мемлекеттік әкімшілік қызметшілер және азаматтық қызметшілер лауазымдарында арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың жұмыс істеген уақыты;

14) 1944 жылғы 1 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде әскери бөлімдер мен бөлімшелер құрамында Украина, Беларуссия, Латвия, Литва және Эстония аумағындағы ұлтшыл астыртын ұйымды жою жөніндегі ұрыс операцияларына қатысқан уақыт;

15) Ұлы Отан соғысы кезеңінде партизан жасақтары мен құрамаларындағы, халық жасағы бөлімдері мен құрамаларындағы қызмет;

16) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің тұтқында, қоршауда және арнайы тексеруде болған уақыты, егер тұтқынға ерікті түрде берілмесе және көрсетілген адамдар тұтқында болған кезде Отанына қарсы қылмыс жасамаса;

17) негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, мәжбүрлеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы) қызметкерлерінің қамауда болған уақыты, бас бостандығынан айыру органдарында жазасын өтеген және жер аударуда болған уақыты;

18) жедел-іздістіру қызметін және (немесе) анықтауды жүзеге асырған, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысына сәйкес экономикалық тергеу қызметіне өткен қызметкерлердің кеден органдарындағы қызметі ;

19) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери

қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемесінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың қызметі есептеледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейін қызметтен негізсіз шығарылған, ал кейіннен денсаулық жағдайы бойынша қызметке шектеу болмағаннан кейін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің, Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметі директорының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі бастығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы төрағасының, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі, Салық полициясы (милициясы) комитеті) төрағасының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары лауазымды адамдарының, сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының шешімі бойынша заңсыз шығарылған деп танылуына байланысты қызметіне қайта тағайындалған Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің, арнаулы мемлекеттік органдар, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы))

қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарын айқындау кезінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына олар жұмыс істемеген қызметтегі үзіліс уақыты есептеледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Әскери қызметшілерге (мерзімді қызмет әскери қызметшілерінен басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы) қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық пендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемесінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, оларға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына есептеледі:

1) әрекеттегі армия айыптылар бөлімдерінің тұрақты құрамындағы қызметтің бір айы алты ай болып;

2) мыналарда қызметтің бір айы үш ай болып:

ұрыс қимылдары кезеңінде әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, партизан жасақтарында және халық жасағы құрамаларында;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде батыр қалаларда болған әрекеттегі армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарында: Одессада – 1941 жылғы 10 тамыздан бастап 16 қазанға дейін, Ленинградта – 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейін, Севастопольде – 1941 жылғы 5 қарашадан бастап 1942 жылғы 4 шілдеге дейін, Сталинградта – 1942 жылғы 12 шілдеден бастап 19 қарашаға дейін;

әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе науқастануы салдарынан емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1944 жылғы 1 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Украина, Беларусь, Латвия, Литва және Эстония аумағындағы ұлтшыл астыртын

ұйымды жою жөніндегі ұрыс операцияларында, ал осы операцияларда жараланған, контузия алған немесе мерткікен кезде емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1950 жылғы қарашадан бастап 1953 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде ұрыс қимылдарына қатысқан 64-ші жойғыш авиация корпусының құрамында;

әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері ұрыс қимылдарына қатысқан басқа елдердің аумағында болған әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелер мен бөлімшелерде: Венгрияда – 1956 жылғы 24 қазаннан бастап 10 қарашаға дейін, Солтүстік Кореяда (оның ішінде Солтүстік Кореядағы ұрыс қимылдарына қатысқан кеңес әскери бөлімдері мен бөлімшелері аумағында болған ҚХР-да) – 1950 жылғы маусымнан бастап 1953 жылғы шілдеге дейін, Алжирде – 1962 жылдан бастап 1964 жылға дейін, Біріккен Араб Республикасында (Египет) – 1962 жылғы 18 қазаннан бастап 1963 жылғы 31 наурызға дейін, 1967 жылғы маусым, 1968 жыл, 1969 жылғы наурыздан бастап 1972 жылғы шілдеге дейін, 1973 жылғы 5 қазаннан бастап 1974 жылғы 31 наурызға дейін, 1974 жылғы маусымнан бастап 1975 жылғы ақпанға дейін, Йемен Араб Республикасында – 1962 жылғы 18 қазаннан бастап 1963 жылғы 31 желтоқсанға дейін, 1967 жылғы қарашадан бастап 1969 жылғы желтоқсанға дейін, Вьетнамда – 1961 жылғы қаңтардан бастап 1974 жылғы желтоқсанға дейін, Сирияда – 1967 жылғы маусым, 1970 жылғы наурыздан бастап шілдеге дейін, 1972 жылғы қыркүйектен бастап қарашаға дейін, 1973 жылғы қазан, Мозамбикте – 1967 – 1969 жылдар, 1975 жылғы қарашадан бастап 1979 жылғы қарашаға дейін, 1984 жылғы наурыздан бастап 1988 жылғы тамызға дейін, Эфиопияда – 1977 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 1990 жылғы 30 қарашаға дейін, Бангладеш Халық Республикасында – 1972 – 1973 жылдар (ӘТФ корабльдері мен қосалқы кемелерінің жеке құрамы үшін), Камбоджада – 1970 жылғы сәуірден бастап желтоқсанға дейін, Қытайда – 1924 жылғы тамыздан бастап 1927 жылғы шілдеге дейін, 1937 жылғы шілдеден бастап 1944 жылғы қыркүйекке дейін, 1945 жылғы шілдеден бастап қыркүйекке дейін, 1946 жылғы наурыздан бастап 1949 жылғы сәуірге дейін, 1950 жылғы наурыздан бастап мамырға дейін (ӘШҚҚ-ның әскер тобы үшін, Шанхай қаласының маңы), 1950 жылғы маусымнан бастап 1953 жылғы шілдеге дейін, Лаоста – 1960 жылғы қаңтардан бастап 1963 жылғы желтоқсанға дейін, 1964 жылғы тамыздан бастап 1968 жылғы қарашаға дейін, 1969 жылғы қарашадан бастап 1970 жылғы желтоқсанға дейін, Ауғанстанда – 1978 жылғы сәуірден бастап 1989 жылғы 15 ақпанға дейін, Анголада – 1975 жылғы қарашадан бастап 1991 жылғы желтоқсанға дейін, Сирияда – 1982 жылғы маусым, Ливанда – 1982 жылғы маусым, ал жараланған, контузия алған немесе мерткікен әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1993 жылғы 5 шілдеден бастап Тәжік-Ауған учаскесіндегі ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындағандарға;



Даман аралындағы ұрыс қимылдары – 1969 жылғы наурыз;

Жалаңашкөл көлі ауданындағы ұрыс қимылдары – 1969 жылғы тамыз;

армиясы ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ұрыс қимылдарына қатысқанына қарамастан, іссапарға жіберілген ұшқыш құрамының әскери мамандарына;

1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандардағы қызмет;

Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және оқшауланған аймақта (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақта) қоршаған ортаның ластануын алдын алуға байланысты жұмыста – 1986 жылғы 26 сәуірден бастап 1987 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең;

негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, мәжбүрлеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы) қызметкерлерінің қамақта болған уақыты, бас бостандығынан айыру органдарында жазасын өтеген және жер аударуда болған уақыты;

терроризмге қарсы операцияларға қатысқан кезең.

4-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жеңілдікті шарттарда бұрынғы КСРО Қарулы Күштері Бас штабының тиісті тізбелеріне сәйкес мынадай кезең шегінде әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдердегі, штабтар мен мекемелердегі әскери қызметшілердің қызметі еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі:

фашистік Германиямен және оның одақтастарымен болған Ұлы Отан соғысында:

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 (11) мамырға дейін;

империалистік Жапониямен – 1945 жылғы 9 тамыздан бастап 3 қыркүйекке дейін;

3) қызметтің бір айы екі ай болып есептеледі:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде әрекеттегі армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарында (осы тармақтың бесінші және жетінші абзацтарында көрсетілген жағдайдан басқа);

әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің ұрыс қимылдары кезеңінде тұтқында болған уақыты, егер тұтқынға ерікті түрде берілмесе және осы адамдар тұтқында болған кезде Отанына қарсы қылмыс жасамаса;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі айқындаған шарттарда реактивтік және турбовинттік авиациядағы ұшу жұмысы;

армиясы ұрыс қимылдарын жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде маман ретінде іссапарға жіберілгендерге (ұшқыш құрамынан басқа), олардың ұрыс қимылдарына қатысқанына қарамастан;

теңіз деңгейінен 2500 метр және одан да биік таулы жерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1976 жылғы 1 қаңтардан бастап; прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 мамырдан бастап;

осы бөлімде көрсетілген мерзімді ескеріп, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-тармағында көрсетілген шалғай жерде;

сүңгуір қайықтарда – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шарттарда;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда қысымы жоғары су астында немесе барокамерада ұзақ уақыт болатын жағдайдағы жұмысты орындайтын сүңгуір лауазымында – 1986 жылғы 1 қаңтардан бастап;

алапес және оба ауруына қарсы мекемелерде, адамның иммунитет тапшылығы вирусін жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды емдеу жөніндегі инфекциялық мекемелердегі қызмет;

4) қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептеледі:

мемлекеттік органның шешімдеріне сәйкес құрылған арнаулы әскери құралымдардағы қызмет;

авиациядағы ұшу жұмысында – тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда;

сүусті атом корабльдерінде – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайтын мерзімде;

сүңгуір қайықтарда – қолданыста болған кезеңде;

ұрыс миналарын сүзіп алу уақытында мина тралшыларында;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайтын шарттарда қолданыстағы сүңгуір қайықтар құрамасының және ұрыс миналарын сүзіп алу уақытында мина тралшылары құрамасының басқармаларында – 1952 жылғы 22 қаңтардан бастап;

барлық атаудағы және мамандықтағы сүңгуір лауазымдарында (осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген сүңгуірлерден басқа);

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы және Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қолбасшысы айқындайтын жылдық нормаларды орындау кезінде міндеттерін орындау жүйелі түрде парашютпен секіруге байланысты лауазымдарда;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі және Қазақстан Республикасының Әділет министрі айқындайтын шарттарда бөлімшелер, лауазымдар тізбелері бойынша 1991 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ішкі әскерінің, Ұлттық ұланының, ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде;

осы бөлімде көрсетілген мерзімді ескеріп, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының және Орта Азияның климаттық жағдайы ауыр жерінде, сондай-ақ Ресей Федерациясының шалғай жерлерінде;

егер еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде сол жердегі қызметін есептеудің анағұрлым жеңілдікті шарттары белгіленбесе, шекара бөлімшелерінде (заставаларда), бекеттерде, шекара бөлімдерінде (комендатураларда), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, маневрлік бөлімшелерде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша қызмет өткеретін корабльдерде және катерлерде, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы бекітетін тізбе бойынша Шекара қызметінің басқа да бөлімшелерінде – 1976 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал көрсетілген күнге дейін – бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік шекарасында орналасқан заставаларда, комендатураларда және оған теңестірілген шекара әскерінің бөлімшелерінде, қолданыстағы және мемлекеттік шекараны күзетуді тікелей атқарған шекаралық теңіз корабльдері мен катерлерінде;

бұрынғы КСРО-ның қолданыстағы дизельдік-электр сүңгуір қайықтары екінші экипажының құрамында – 1968 жылғы 22 қарашадан бастап;

Мурманск облысында болған уақытта Солтүстік теңіз арқылы корабльдер мен кемелер әкелу жөніндегі ерекше мақсаттағы экспедициялар құрамында экспедиция аяқталғаннан кейін белгіленген порттарға бару және тұрақты қызмет орнына қайтып оралу – 1971 жылғы 22 қазаннан бастап;

теңіз деңгейінен 1500 метр және одан да жоғары биік таулы жерде (2500 метр және одан да жоғары биік жердегі қызметтен басқа) мынадай мерзімде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1973 жылғы 1 сәуірден бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 мамырдан бастап;

теңіз деңгейінен 1000 метрден 1500 метрге дейін биік таулы жерде, ал ерекше жағдайда одан төмен жерде – тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігі, Қазақстан Республикасы Салық полициясы комитеті (милициясы), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі бекітетін әскери бөлімдер, бөлімшелер мен мекемелер тізбелері бойынша – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

бұрын Байкал – Амур теміржол магистралі мен БАМ – Тында – Беркакит теміржол желісіндегі құрылыспен және оған қызмет көрсетумен айналысқан (құрылыс кезеңінде) бұрынғы КСРО-ның теміржол және ішкі әскерлерінің әскери бөлімдерінде, ішкі істер органдарында – 1974 жылғы 8 шілдеден бастап;

бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің Шиemanовская станциясындағы құрылыс индустриясы кәсіпорындары кешенін салумен айналысқан бұрынғы КСРО теміржол әскерлерінің әскери бөлімдерінде – 1975 жылғы 10 мамырдан бастап;

бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің және БАМ – Тында – Беркакит теміржол желісіндегі құрылысқа қызмет көрсетумен айналысқан бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік органдарында – 1975 жылғы 1 шілдеден бастап;

бұрынғы КСРО-ның Байланыс министрлігіне берілген және бұрын Байкал – Амур теміржол магистралі трассасы бойында радиорелелік байланыс желісін салумен айналысқан әскери бөлімдер мен әскери-құрылыс жасақтарында – 1976 жылғы 29 шілдеден бастап;

бұрын Тюмень облысы Ханты-Мансийск автономдық округі аумағындағы Сургут – Уренгой теміржол желісінің учаскесін салумен айналысқан бұрынғы КСРО теміржол әскерлерінің әскери бөлімдерінде – 1977 жылғы 4 шілдеден бастап;

бұрын Байкал – Амур теміржол магистралін салумен айналысқан бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерінде, құрамаларында, кәсіпорындары мен ұйымдарында – 1979 жылғы 23 тамыздан бастап;

бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің жасанды құрылыстарын күзетумен айналысқан бұрынғы КСРО ішкі әскерлерінің бөлімшелері мен әскери бөлімдерінде және бұрын көрсетілген магистральға іргелес ауданның мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз еткен бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік органдарында – 1980 жылғы 28 ақпаннан бастап;

күшейтілген аудандарда жауынгерлік есептоптар құрамында қорғаныстық бекініс құрылыстарында жауынгерлік кезекшілік атқаратын (атқарған) әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне – 1980 жылғы 1 қаңтардан бастап;

1988 жылғы 1 қаңтардан бастап 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және оқшауланған аймақта (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақта) қоршаған ортаның ластануын алдын алуға байланысты жұмыста;

1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандағы қызмет;

бұрын Ресей Федерациясының Қара топырақты емес аймағында автомобиль жолын салумен және реконструкциялаумен айналысқан жол-құрылыс бөлімінде және қамтамасыз ету бөлімінде – 1988 жылғы 1 сәуірден бастап;

тіісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасының Әділет министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын кезеңде жаппай қоғамға қарсы көрініске байланысты төтенше мән-жайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындаған Қарулы Күштердің, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің құрамаларында, әскери бөлімдерінде, бөлімшелері мен мекемелерінде;

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық-атқару жүйесі ведомстволарындағы, мекемелеріндегі, органдарындағы, кәсіпорындарындағы және білім беру ұйымдарындағы (жоғары оқу орындарын қоспағанда), 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы және 2004 жылғы 30 шілдеден бастап қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары оқу орындарындағы қызмет, сондай-ақ 2012 жылғы 18 ақпаннан бастап қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың әрекет етуін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері және Ұлттық ұланы әскери қызметшілерінің қызметі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда бөлімшелер, лауазымдар тізбелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруді жүзеге асыратын әскери қызметшілерінің қызметі;

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы қызмет – 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап;

ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындау уақыты;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында;

бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларға қатысқан кезең;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын шарттарда бөлімшелер, лауазымдар тізбелері бойынша тікелей бекеттік қызметті атқаратын, сондай-ақ арнайы мақсаттағы бөлімшелерде қызмет өткеретін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жедел құрамына;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын шарттарда және мерзім бойынша бөлімшелер мен лауазымдардың тізбелері бойынша – ұлттық қауіпсіздік органдарының барлаушы әйелдеріне;

ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің барлаушы әйелдеріне – 1991 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайтын шарттарда лауазымдар тізбесі бойынша;

сыртқы барлау органы қызметкерлерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындау уақыты;

жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органның штаттық жасырын қызметкерлеріне – мемлекеттік органдардың бірінші басшылары айқындайтын шарттарда бөлімшелер, лауазымдар тізбелері бойынша;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде;

5) 1965 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде лауазымдар тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын шарттарда ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының барлаушы әйелдеріне қызметтің бір айы 1,25 ай болып есептеледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.11.2023 № 1020 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Соғыс немесе төтенше жағдай кезеңінде, терроризмге қарсы операция жүргізілген кезеңде, қарулы жанжал жағдайында, төтенше жағдай салдарын жою кезінде ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлерін қызметтік міндеттерді орындауға тарту уақыты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына жеңілдікті шарттар бойынша және қызметтің бір күні үш күн болып есептеледі.

Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің әскери немесе төтенше жағдайдың қолданылуы немесе терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде немесе қарулы қақтығыс жағдайларында не табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жарияланған жерде төтенше жағдайларды жою немесе өрттерді сөндіру жөніндегі міндеттерді орындауға тарту уақыты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына және жеңілдікті шарттар бойынша қызметтің бір күні үш күн болып есептеледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Міндетті мерзімді әскери қызмет және мерзімді әскери қызмет арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери қызметшілері ұрыс қимылдарына қатысқан басқа елдердің аумағындағы арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери бөлімдердің, штабтардың, мекемелер мен бөлімшелердің әскери қызметшілері, Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жою жұмысына қатысқан, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигонына іргелес ауданда қызмет өткерген не негізсіз қылмыстық жауаптылыққа тартылған немесе қуғын-сүргінге ұшыраған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілері үшін көзделген жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына есептелуге тиіс кезеңді қоспағанда, күнтізбелік есептеумен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

7. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге және сарбаздар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарына әскери қызметке ерікті түрде қабылданған әйелдерге осы Қағидалардың 4-тармағы 4) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген қызмет кезеңдері, бірақ 1976 жылғы 5 тамыздан ерте емес, тиісті жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

8. Қызмет көрсететін әскери бөлімдердің жеке құрамымен қызмет өткеру бірдей жағдайда болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қарсы барлау және әскери полиция органдарының бөлімшелері әскери қызметшілерінің қызметі еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін осы

әскери бөлімдердің әскери қызметшілеріне ұқсас жеңілдікті шарттарда және осындай тәртіппен еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

9. Қызметтің сол бір кезеңінің жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауға есепке алу үшін екі және одан да көп негіз болған кезде еңбек сіңірген жылдары анағұрлым көп жеңілдік беретін бір негіз бойынша есептеледі.

10. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары қызметтен шығарылған сәтте қолданыста болған заңнамаға сәйкес есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте және экономикалық тергеу қызметінде еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қағидаларға сәйкес 2014 жылғы 18 қарашадан бастап жүргізіледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде еңбек сіңірген жылдары Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін есептелген зейнетақы төлемдерін алушыларға еңбек сіңірген жылдары қайта қаралмайды.

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларына

1-қосымша

**Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде қызмет етуі жеңілдікті шарттарда есептелетін жергілікті жерлердің тізбесі**



Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қызмет етуі жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына қызметтің бір айы екі ай болып есептелетін жергілікті жерлер:

Ресей Федерациясы:

Куриль аралдарында және Беринг теңізі аралдарында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап;

Охот теңізі аралдарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Моржовец аралында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Солтүстік Мұзды мұхит аралдарындағы әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1954 жылғы 30 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Архангельск облысында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ненецк автономиялық округінің жергілікті жерінде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Коми Республикасында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан жергілікті жерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тюмень облысында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ямал-Ненецк автономиялық округінің жергілікті жерінде, Салехард Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақты қоса Салехард қаласында: әскери қызметшілер,

арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Красноярск өлкесінде – Таймыр (Долган-Ненецк) автономиялық округінде, Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Эвенк автономиялық округі мен Турухан ауданының жергілікті жерінде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Якутия Республикасында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан жергілікті жерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Магадан облысында – Чукот автономиялық округіндегі және бұрын Камчатка облысы Красноярск автономиялық округінің құрамына кірген Солтүстік Эвенк ауданының аумағында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап, Магадан облысының қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1953 жылғы 17 желтоқсаннан бастап;

Камчатка облысында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап;

Хабаров өлкесінде – Охот, Аян-Майск және Тугур-Чумикан аудандарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап.

2. Қызмет етуі жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептелетін жергілікті жерлер:

1) Қазақстан Республикасы:

Ақмола облысында – Аршалы (бұрынғы Вишневка), Жарқайың (бұрынғы Державин), Есіл, Жақсы1 аудандарында, Сілеті ауылдық округінде2 және Степногор қаласында –

1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қорғалжын және Целиноград аудандарында (Астана қаласын қоспағанда), Қосшы қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Ақтөбе облысында – Байғанин және Мұғалжар<sup>3</sup> аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Алматы облысында – Жамбыл, Іле (Күрті ауылдық округін қоспағанда), Талғар, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ (Шілік ауылдық округін қоспағанда), Райымбек<sup>4</sup>, Кеген аудандарында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қапшағай, Қарасай (бұрынғы Қаскелен), Балқаш аудандарында, Іле ауданының Күрті ауылдық округінде, Еңбекшіқазақ ауданының Шілік ауылдық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Атырау облысында – Махамбет<sup>5</sup> ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал облыстың қалған аумағында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Шығыс Қазақстан облысында – Қатонқарағай және Күршім<sup>6</sup> аудандарында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Зайсан, Тарбағатай<sup>7</sup> аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Жамбыл облысында – Қордай<sup>8</sup>, Мойынқұм аудандарында және Жаңатас қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Талас, Байзақ<sup>9</sup> және Шу аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Батыс Қазақстан облысында – Жаңақала және Бөкейорда аудандарында, сондай-ақ Теректі<sup>10</sup> ауданының Тайпақ ауылдық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қарағанды<sup>11</sup> облысында – Абай<sup>12</sup> ауданында, Шет ауданының Ағадыр ауылдық округінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Нұра<sup>13</sup>, Шет, Ақтоғай аудандарында (бұрынғы Жезқазған облысының Жезқазған ауданында), Балқаш және Приозерск қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қарқаралы<sup>14</sup> ауданында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қызылорда облысында – Шиелі ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Байқоңыр қаласында және "Байқоңыр" ғарыш айлағына іргелес аудандарда, сондай-ақ облыстың қалған аумағында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Маңғыстау облысында – Қарақия<sup>15</sup> ауданында, Жаңаөзен, Форт-Шевченко және Ақтау қалаларында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Бейнеу және Маңғыстау аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Мұнайлы ауданында (Өмірзақ ауылын, сондай-ақ бұрынғы Түпқараған ауданының жерін қоспағанда) – 2007 жылғы 1 шілдеден бастап;

Павлодар облысында – Май және Аққулы аудандарында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Солтүстік Қазақстан облысында – Айыртау ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы) облысында – Созақ, Сарыағаш (Келес ауылдық округін қоспағанда) аудандарында және Түркістан қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Сарыағаш қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Абай облысында – Аягөз, Жарма16 аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Абай, Бесқарағай, Жаңасемей, Таскескен аудандарында, Үржар ауданының Мақаншы ауылдық округінде, Семей және Курчатов қалаларында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Жетісу облысында – Алакөл (Үйгентас ауылдық округін қоспағанда), Кербұлақ ауданының Сарыөзек қалалық үлгідегі кентінде, Көксу17, Сарқан18, Ескелді (Талдықорған қаласын қоспағанда), Панфилов аудандарында, Текелі қаласы мен Ақсу ауылында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Кербұлақ ауданында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Ұлытау облысында – Ұлытау ауданының Жезді ауылдық округінде, Қаражал қаласында және Жәйрем кентінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Ұлытау, Жаңаарқа, (бұрынғы Жезқазған облысының Қаражал ауданында), Сәтпаев және Жезқазған қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

## 2) Ресей Федерациясы:

Мурманск облысында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, Мурманск қаласында – 1951 жылғы 30 сәуірден бастап; милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Карелия Республикасында – Беломор, Калеваль, Кемск, Костомуш 19, Лоух, Медвежьегорск, Муеаерск, Сегеш, Суояр аудандарында және Костомуш қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Архангельск облысында – Виноградовск, Лешуконск, Мегенск, Новодвинск20, Пинежск, Онежск, Плесецк, Приморск, Соловецкий21 және Холмогор аудандарында, Архангельск, Новодвинск және Онега, Северодвинск қалалық Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақты қоса Северодвинск қалаларында, Поляр шеңберінен оңтүстікке қарай Ненецк автономиялық округінің жергілікті жерінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап; Верхнетоемский және Ленский аудандарында – 1992 жылғы 1 шілдеден бастап;

Қалмық Республикасында – Октябрь ауданында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Коми Республикасында (осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген жергілікті жерлерден басқа) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тюмень облысында – Ямал-Ненецк автономиялық округінде (осы тізбенің 1-бөлімінде көрсетілген жергілікті жерлерден басқа): әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару

жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, Ханты-Мансийск автономиялық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Алтай өлкесінде – Таулы Алтай автономиялық облысының Онгудай, Улаганск, Усть-Канск, Усть-Коксинск және Шебалинск аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Томск облысында – Александровский, Бакчарский, Верхнекетский, Каргасокский, Колпашевский, Кривошеинский, Молчановский, Парабельский, Тегульдетский және Чайнский аудандарында, Колпашево және Стрежевой қалаларында, Томск ауданының Итатке кентінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Красноярск өлкесінде – Поляр шеңберінің оңтүстігіне қарай Эвенк автономиялық округі мен Турухан ауданының жергілікті жерінде, Солтүстік Енисей ауданында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, Богучанский, Енисейский, Кежемский және Мотыгинский аудандарында, Лесосибирск қалалық Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақты қоса Енисей және Лесосибирск қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тува Республикасында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Иркутск облысында – Катанг ауданында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, облыстың қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Якутия Республикасында (осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген жергілікті жерлерден басқа): әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Бурятия Республикасында, Чита және Амур облыстарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан

бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Приморск өлкесінде – Самарги өзенінен солтүстікке қарай Тернейск ауданының аумағында – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап; өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Хабаровск өлкесінде – Ванинск, Николаевск, Совет-Гаван және Ульчск аудандарында, Амурдағы Николаевск және Советская Гавань қалаларында – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап; өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, азаматтық қорғау, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Сахалин облысында – Сахалин аралында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап, Монерон аралында – 1980 жылғы 1 қарашадан бастап;

### 3) Қырғыз Республикасы:

Ыстықкөл облысының Ақсу, Атбашы және Жетіөгіз аудандарында, Ош облысының Алай және Совет аудандарында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап; Ош облысының Тоғыз тарау ауданында, Шу облысының Мәскеу және Панфилов аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

### 4) Тәжікстан Республикасы:

Таулы Бадахшан облысында, Куляб облысының Дангарин, Ленинград, Мәскеу және Пархар аудандарында, Қорғантөбе облысының Жилікөл, Кабоден, Құманғыр, Пяньан және Шаартуз аудандарында, Яван ауданының Яван кентінде; Ленинабад облысы Чкалов қалалық Халық депутаттары кеңесінің Табошар кентінде, Нүрек қалалық Халық депутаттары кеңесінің Пастакон кентінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Душанбе қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

### 5) Түрікменстан Республикасы:

Мары облысында, Чарджоу облысының Меркен және Шаршанғын аудандарында, Керч қаласында және Чарджоу қалалық Халық депутаттары кеңесінің Нефтезаводск кентінде, Ашғабат облысының Ашғабат, Бахарден, Геок-Тепе, Гаур, Каах, Серах және Теджен аудандарында, Тедмен қаласында, Красноводск облысында, Байрам-Әли, Векиль-Базар, Ислотан, Қаракұм, Кушка, Мари, Мұрғаб, Тахта-Базар аудандарында,

Байрам-Әли және Мары облысының Мары қалаларында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Ашғабат қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

б) Өзбекстан Республикасы:

Бұхар облысы Қаған ауданының Қарауылбазар қаласында, Қашқандария облысындағы Мұбарак қаласында, Самарқанд облысының Қаттақорған және Советабад аудандарында, Зарафшан және Үшқұдық қалаларында, Бұхар облысының Зарафшан қалалық Халық депутаттары кеңесінің кенттерінде және Үшқұдық қалалық Халық депутаттары кеңесінің Көкпетас кентінде, Ангор, Гагарин, Жарқорған, Термез және Шерабад аудандарында, Сурхандария облысының Термез қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Ташкент қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

7) Қазақстан Республикасының, Түрікменстан Республикасының және Әзербайжан Республикасының әкімшілік бағынысындағы Арал теңізінің, сондай-ақ Каспий теңізінің аралдарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап.

1 Державинск, Есіл және Жақсы аудандары бұрынғы Торғай облысының құрамына кірді.

2 Сілеті ауылдық округіне бұрынғы Сілеті ауданының аумағы кірді.

3 Мугоджар ауданының атауы Мұғалжар ауданы болып өзгертілді.

4 Райымбек ауданының құрамына Кеген және Нарынқол аудандарының аумағы кірді.

5 Махамбет ауданының құрамына Балықшы ауданының аумағы кірді.

6 Күршім ауданының құрамына бұрынғы Марқакөл ауданының аумағы кірді.

7 Тарбағатай ауданының құрамына бұрынғы Ақсуат ауданының аумағы кірді.

8 Қордай ауданының құрамына бұрынғы Красногор ауданының аумағы кірді.

9 Свердлов ауданы Байзақ ауданы болып өзгертілді.

10 Теректі ауданының құрамына Ақжайық ауданының аумағы кірді.

11 Қарағанды облысының құрамына бұрынғы Жезқазған облысы кірді.

12 Мичурин ауданының атауы Абай ауданы болып өзгертілді.

13 Нұра ауданының құрамына Ақмола облысының бұрынғы Қорғалжын және Теңіз аудандарының аумағы кірді.

14 Қарқаралы ауданының құрамына бұрын Егіндібұлақ ауданы болған Қазыбек би ауданының аумағы кірді.

15 Ерәлиев ауданының атауы Қарақия ауданы болып өзгертілді.

16 Жарма ауданының құрамына бұрынғы Шар ауданының аумағы кірді.

17 Бұрынғы Талдықорған облысының Киров және Гвардейск аудандарының атауы тиісінше Алматы облысының Көксу және Кербұлақ аудандары болып өзгертілді.

18 Сарқанд ауданының құрамына бұрынғы Бөрлітөбе ауданы аумағының бір бөлігі кірді.

19 Костомуш ауданы Калевал ауданының құрамынан бөлінген.

20 Новодвинский ауданы Приморск ауданының құрамынан бөлінген.

21 Соловецкий ауданы Приморск ауданының құрамынан бөлінген.

22 Егер әскери қызметші немесе арнаулы мемлекеттік органның қызметкері оқу-жаттығу орталығында білім алғаннан кейін реакторды іске қосу жүргізілмеген атом крейсеріне немесе атом сүңгуір қайығына қызмет өткеру үшін жіберілсе, осы корабльдерде қызмет ету кезеңі реактордың жұмысы басталған күннен бастап жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Қазақстан Республикасының  
ішкі істер органдарындағы  
медициналық лауазымдары  
2022 жылғы 1 шілдеден және  
2023 жылғы 1 қаңтардан бастап  
қысқартылған, лауазымы  
қысқартылған кезде еңбек  
сіңірген жылдары үзіліссіз  
әскери қызметте, арнаулы  
мемлекеттік органдардағы және  
құқық қорғау органдарындағы,  
азаматтық қорғау  
органдарындағы қызметте,  
мемлекеттік фельдъегерлік  
қызметте кемінде он екі жыл  
және алты ай болған адамдар  
қылмыстық-атқару  
(пенитенциарлық) жүйесінің  
тергеу изоляторлары мен  
мекемелерінде орналасқан  
медициналық ұйымдарда  
жұмысын жалғастырған  
жағдайда, осындай адамдарға  
еңбек сіңірген жылдары үшін  
зейнетақы төлемдеріне  
жеңілдіктерді сақтау  
қағидаларына  
2-қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 10.10.2025 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Сүңгуір қайықтарда қызмет ету кезінде еңбек сіңірген жылдарын жеңілдікті шарттарда есептеу шарттары**

Әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына мыналардағы қызмет есептелсін:



1) атом сүңгуір қайықтарында, қосалқы атом энергетикалық қондырғыларымен жабдықталған дизельді сүңгуір қайықтарында және арнайы энергетикалық қондырғылары бар сүңгуір қайықтарында (оның ішінде жасалып жатқан атом сүңгуір крейсерлері және атом сүңгуір қайықтары екінші экипаждарының құрамында).

Бұл ретте атом крейсерлеріндегі, қосалқы атом энергетикалық қондырғыларымен жабдықталған атом сүңгуір қайықтарындағы қызмет жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына экипажды оқу орталығында оқыту басталғаннан бастап, ал әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне – сүңгуір крейсерінің (қайығының) реакторы жұмыс істегеннен бастап есептеледі<sup>22</sup>. Тұйық цикл бойынша жұмыс істейтін бу-газ турбиналық қондырғылары мен дизелі бар сүңгуір қайықтарындағы қызмет жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына ол қолданыста болған кезеңде, ал көрсетілген энергетикалық қондырғылары бар жасалып жатқан қайықтарда – зауыттық жүріс сынақтары басталғаннан бастап есептеледі. Мұндай тәртіппен жеңілдікті шарттарда 1977 жылғы 24 наурыздан бастап атом сүңгуір крейсерлеріне (екінші экипажды және жасалып жатқан крейсерлер экипажын қоса алғанда) қызмет көрсететін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ерекше бөлімі офицерлерінің қызметі есептеледі;

2) ауыр атом сүңгуір крейсерлерінің техникалық экипаждары құрамында, крейсерлік атом және үлкен атом сүңгуір қайықтарындағы және терең су қабатындағы атом станцияларында (жасалып жатқанды қоса алғанда) көрсетілген корабльдер мен станцияларда нақты қызмет өткерген уақыты үшін – 1981 жылғы 13 қарашадан бастап.

Бұл ретте жасалып жатқан ауыр атом сүңгуір крейсерлеріне, крейсерлік атом және үлкен атом сүңгуір қайықтарына және терең су қабатындағы атом станцияларына қызмет көрсететін техникалық экипаждар құрамындағы қызмет корабль (станция) реакторы жұмыс істеген күннен бастап, ал 705-жобадағы атом сүңгуір қайықтарының техникалық экипаждары құрамында – 1970 жылғы 14 қыркүйектен бастап жеңілдікті шарттарда еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 29 тамыздағы  
№ 733 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген

жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1098 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 21-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 1140 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы.

4. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 1396 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 176 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 4-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы.

7. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1139 қаулысы.

8. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 146 қаулысы.

9. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 11 қаулысы.

10. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 632 қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 154 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 6-тармағы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 925 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кейбір өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 9-тармағы.

13. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 211 қаулысы.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 259 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 9-тармағы.

15. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 478 қаулысы.

16. "Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 546 қаулысы.

17. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 501 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 98 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы.

18. "Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнайы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 395 қаулысы.